

Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһи көзқарастарының қалыптасу негіздері ("Мұсылмандық кітабы" еңбегі негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

П І К І Р

Диссертант Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһи көзқарастарының қалыптасу негіздері ("Мұсылмандық кітабы" еңбегі негізінде)» атты ғылыми жұмысының жалпы мазмұны ғылыми-техникалық ескертулер (Нормативтік сілтемелер, Анықтамалар, Белгілеу мен қысқартулар), Кіріспеден, ғылыми қисынды әрі деректер мен ой-пікір жалғастығы сақталған негізгі 3 бөлімнен, сондай-ақ, Қорытынды мен Пайдаланған әдебиеттерден тұрады.

Диссертант кіріспе бөлімінде көрсетілген зерттеуде тақырыптың өзектілігі мен зерттелу деңгейіне жан-жақты ғылыми шолу жасаған. Ғылыми ізденістің басымдыққа алған мақсат-міндеттеріне сай өз зерттеуінде 9 ғылыми жаңалық және 9 ғылыми қорытындылар мен тұжырымдар ұсынған. Шәкәрімнің «Мұсылмандық кітабы» шығармасының мәнін ашу үшін түрлі ғылыми әдіс-тәсілдерді сәтті қолдана білген. Диссертациялық жұмыстың эмпирикалық негіздемесі де ғылыми тұрғыдан алғанда, оң қорытындылаған.

Алғашқы бөлімде Ш.Құдайбердіұлының өміріне талдау жасай отырып, оның тұлғалық келбетін айқындау үшін XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Қазақ даласындағы саяси-құқықтық және діни ахуалға жан-жақты тоқталып өткен. Патшалық Ресейдің жүргізіп отырған колониялдық саясатын, көшпелі халықтың әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық мәдениетін, сондай-ақ, қазақ халқының дінге қаншалықты жақын болғандығына көз жеткізу үшін шетелдік зерттеушілердің пайымдауларын алға тартқан. Шәкәрімнің кісілік, ақындық, философиялық ойлау жүйесін, ғалымдық бейнесін ашып көрсетіп, оның өз дәуірінің өнімі һәм діни тұлғасы екеніне тың байламдар жасаған.

Диссертант «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің сипаттамасы мен жазылу әдіснамасы» атты 2 бөлімде ғылыми зерделеудің нысанына айналған шығарманың жазылу себептері мен тарихнамасы туралы ой қозғап, ғылыми айналымдағы деректерге сүйене отырып, «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің дүниеге келу негіздемесін жан-жақты талдайды. «Мұсылмандық кітабы» еңбегінің жазылу тілі, оның стилистикасы, мазмұны жөнінде тың тұжырымдар жасаған. Сонымен қатар, аталған еңбектің фикһтық теориялық-методологиялық негіздерін басқа мұсылмандық құқық әдіснамаларымен салыстырып, өз ой-пікірлерін қисынды дәлелдермен дәйектеуге тырысқан.

Диссертациялық жұмыстың «Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһи көзқарастары» атты 3 бөлімінде зерттеуші шығарма авторының ұстанған діни-құқықтық жолын және оның ұстаздарының шежірелік тізбегін (силсила) тарихи деректердің негізінде жан-жақты сараптайды. Сондай-ақ,

Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһ мәселесінде негізінен Әбу Ханифа мәзһабын ұстанғанына дәлел ретінде заһир риуаят, муфтабиһи, мәсауил нәуәдир фәтуа, уақиғат үкімдерін көрсете отырып, өзіндік дербес ойларды ортаға салған. Дегенмен, Шәкәрім Құдайбердіұлы фикһтық мәселелердің негізгі бөлігінде Әбу Ханифа мәзһабының үкімдеріне басымдық бергенмен, базбір діни мәселелерде өзге діни құқықтық мектептердің де үкімдерін басшылыққа ала білген. Керек кезде Шәкәрім Құдайбердіұлының өз ижтиһадын да жасағандығын дәлейдей алған.

Диссертант Шәкәрім Құдайбердіұлының осы шығармасын зерттеу барысында көптеген ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген. Атап айтар болсақ, тәуелсіздік жылдары аталған еңбек елімізде «Мұсылмандық шарты» атпен бірнеше жарық көрген болатын. Яғни, қазақ қоғамына бұл шығарма осы «Мұсылмандық шарты» деген атпен таныс. Алайда, диссертант мұрағаттық құжаттарды зерттей отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл шығармасының әуелгі атау «Мұсылмандық кітабы» деп аталғанын деректермен растап шықты. Әу бастағы шығарманың осы атаумен аталғанын мұрағаттарда сақтаулы қолжазбалық дерекпен дәлелдей алды. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетіне «Жаңа шыққан кітаптар» атты танытымдық мақаласында да Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл шығармасы «Мұсылмандық кітабы» атауымен шыққандығы жөнінде мәлімет берілгенін алға тартып, бұл мәселеге қатысты өз ойын жан-жақты дәлелдей алған.

Шәкәрім Құдайбердіұлының тұлға болып қалыптасуына Құнанбай Өскенбаев пен Абай Құнанбайұлының ықпалы мол болғаны бұған дейін де көп айтылған. Бірақ, диссертант осы пікірді атаған тұлғалардың өмірін жан-жақтты зерттеу арқылы растауға тырысады. Құнанбай сұлтанның «Ескі там» медресесінің маңыздылығын негізге алып, Абай Құнанбайұлының шығармашылығынан Шәкәрімнің нәрленгенін нақты деректермен дәлелдей келіп, «Мұсылмандық кітабы» авторының діни ұстанымының қалыптасу негіздерін жан-жақты аша алған.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық кітабы» еңбегіндегі фикһтық көзқарастар мен діни үкімдер Ахмад Һади Мақсудидің (1868-1941) "Ғибадату исламия", Шәкіржан Хамиди Такуидің "Ғибадату исламия" атты еңбегі, Абдулқадир Қашғаридің "Мұхтасар ғибадат исламия" еңбектерімен ұқсас екенін алға тартқан диссертант автордың кейбір Ибн Абидиннің фикһи ұстанымымен үйлеспейтін үкімдерді айтпағанда, аталған еңбектегі діни-құқықтық үкімдердің Ханафи мәзһабына тән Орталық Азияға кең тараған басқа еңбектерден алынғанын көрсеткен. Диссертанттың бұл бұл тұжырымы да ғылыми негізді қорытындыланған. Себебі, Шәкәрім Құдайбердіұлының аталған еңбегі Ханафи мәзһабын ұстанатын жалпы халық үшін ағартушылық һәм танымдық тұрғыда жазылған шығарма болатын.

Диссертант Смагулов Нұржан Айдаровичтің «Шәкәрім Құдайбердіұлының фикһи көзқарастарының қалыптасу негіздері ("Мұсылмандық кітабы" еңбегі негізінде)» атты диссертациялық

жұмысындағы қажырлы ізденісін, қолданған ғылыми әдіс-тәсілдерін, ғылыми жаңалыққа шығарған ой қорытындылары мен тұжырымдарының маңыздылығын ескере келіп, диссертациялық жұмысты зерттеу барысындағы отандық және шетелдердегі ғылыми академиялық журналдарда жариялаған мақалаларының өзектілігін қаперде ұстай отырып, бұл диссертацияны еліміздегі тұлғатану, тарих, әдебиет тарихы, исламтану, дінтану ғылымдарының дамуына мол үлес қосады деген сеніммен қорғауға ұсынамын.

Мұхан Исахан,
Нұр-Мұбарак университеті
Дінтану кафедрасының phd оқытушысы,
Қауымдастырылған профессор



24.09.2024

